

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. –Б.54-57

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ҒҰЛАМАСЫ (Қ. СӘТБАЕВ ХАҚЫНДА)

Базаров Ерден, 1 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Тарих тағылымы – азаматтың бойында ұлттық рухты қалыптастырып, азаматты мемлекетшіл рухта тәрбиелейді. Тарих тағылымын бойына сіңірген ұрпақта ұлттық құндылықтар қалыптасып, ұлт азаматының келбеті айқындалады. Ал оның негізінде зиялылықтың белгісі айшықталады. Егер де дүние жүзілік тарихқа көз жүгіртсек, әр ұлттың зиялылары өзіндік кісілік сипатымен ерекшеленеді. Бірақ олардың алдына қойған мақсаты біреу. Ол – ұлтқа қызмет жасау. Зиялы азаматтың ісі мен сөзінен үндестік байқалып, ұлт мүддесі жолындағы қызметінде мемлекетшілдік қасиеті қалыптасады. Азамат пен туған ел егіз ұғымдар. Тұлға мен мемлекет жарастығы нағыз зиялылар ісі арқылы қалыптаспақ.

XX ғасырдың баскезінде Алаш қайраткерлері салған саражолды әріқарайжалғастырып, бұқара халықтың санасында сілкініс жасап, ұлттық тарих пен рухани құндылықтарды жаңғыртуда зиялы азаматтардың бір шоғыры пайда болды. Олар әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайында ұлт мәселесі, ел болашағы төңірегінде жемісті жұмыс жасап, тарихи миссияны абыроймен атқарды. Осы тұрғыдан келгенде қайталанбас біртуар тұлға, тұңғыш геолог, ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаевтың 120 жылдық мерейтойы қарсаңында бірегей тұлғаның елі мен жері үшін сіңірген еңбегіне тоқталып кетпеске болмайды.

Қ.И.Сәтбаевтың өмір жолы-тағылымы мол тарих. Себебі Қ.Сәтбаевтың өмір жолы

- кеңестік жүйедегі қазақ зиялыларының тыныс-тіршілігі мен мақсат-мұраттарының айнасы іспеттес. Осындай тағылымы мол тарихтан сабақ алу, өткенді ой елегінен өткізу болашақ ұрпаққа өнеге болары сөзсіз.

Еңбек жолын 1918–1919 жылдары Семейдегі педагогикалық курстарда жаратылыстану пәнінің мұғалімі болудан бастап, 1919–1920 жылдары Ақкелін болысындағы 4-ауылда мұғалім, 1920–1921 жылдары Баянауылда халық судьясы қызметтерін атқарады. Семинариядан кейін ауыл балаларына жаратылыстану пәнінен шыққан кітабында баяндалады [1].

Қызы Шәмшиябану Сәтбаева «Сәулелі әулет» атты кітабында жас Қаныштың қалыптасуына ата-анасы, оқыған ортасы және сол заманның

озық азаматтары – туған ағасы Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев пен Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев үлкен ықпал етті. Үшеуі де 37 жылдың жазықсыз құрбаны болды. Қабырғасын қайыстырған ағаларының қазасы Қаныш Имантайұлының өз болашағын терең ойлауға мәжбүр қылды» деп жазған [2]. Білімге құштарлығы, халық тағдырын салмақтау болашақ ғалымды білімін тереңдетуге талпындырды. Сөйтіп, Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін Геологиялық барлау мамандығы бойынша бітіргеннен кейінгі өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеологиясын зерттеумен байланысты болды. Ел болашағын ойлаған ғалым жағдайдың ауырлығына қарамастан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталар кезде, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның дамуына белсене араласты. Ол қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, әлемде ең таза мыс өндірілетін Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына енуінің маңызы ерекше. Тәжірибелі ғалымдарды қатыстыра отырып, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталарын жасауы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың жаңа кен орындарының ашылуына мұрындық болды. Сондай-ақ, ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау аймақтарында зерттеп, олардың стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады. 1927–1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде жазылған ғылыми маңызы зор еңбектері жарық көрді. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Қ. Сәтбаевтың жетекшілігімен Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылды.

Қ. Сәтбаевтың қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылды. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды жоспарлады. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысты. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық

шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Қ. Сәтбаевтың еңбегімен байланыстылығы оның ерен еңбегінің көрінісі болып табылады [3].

Ел тағдырын әріден ойлаған ғұлама ғалымның геологиямен қатар мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. 1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндерімен күйлері» жинағына ғұлама ғалым қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу- маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізуі қазіргі сол мұраларды сақтауда ұмытылып кеткен құндылықтарды жинақтауда орны толмас құнды дүниелер болып табылады. Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеп, Жезқазған-Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбек жазды [4]. Бұл еңбегінде Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындады.

Ол халық ағарту саласында және жоғары мектептің дамуына ерекше көңіл бөлді, жоғары техникалық оқу орындарын политехникаландыру бағдарламасын ұсынды. Көп жылдар бойы Қазақ тау-кен институтының Мемлекеттік емтихан комиссиясын басқарды. Қ. И. Сәтбаевтың студент кезінде орта мектептерге арнап қазақ тілінде жазған «Алгебраоқулығы» педагогика саласына қосқан зор үлесі болып табылады. 1994 жылдары тәуелсіз Қазақстанның орта мектепке арналған төл оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін шығару қолға алынғанда қазақтың Ы. Алтынсарин атындағы Білім проблемалары ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Н. Нұрахметовтың басшылығымен Қазақстанда қазақ тілінде жазылған оқулықтарды іздестіруде Қ. Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығының құрастыру логикасы, оқушылардың таным деңгейіне сәйкестігі, құрылымы, мазмұны, жазылу мәнері талданды. Сол кезде кітап құрастыратын авторлар ұжымдары мен республика ғалымдары Қ. Сәтбаевтың күрделі ғылым салаларын зерттеумен қатар оқулық жазғанына ерекше таң қалып, «ұлт үшін туған ер» деп масаттанған еді.

Академик Қ. И. Сәтбаевтың дүниетанымының кеңдігін ғылымның барлық саласынан мол білімін Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Қаныштың бір үлкен ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі» деп басқа ғалымдардан даралығын, мол білімін сипаттаған.

1969 жылы «Жайсаң жандар» атты қазақ зиялылары туралы естелік

кітабында Қазақстан Ғылым академиясының академигі Қажым Жұмалиев Қ. И. Сәтбаевтың аса білімдарлығы туралы «Қазақ КСР академиясының отырыстарын М. Әуезов «саңыраулар жиыны деп қалжыңдайтын, себебі ғылымның тіл мен әдебиеттен басқа салалары талданғанда сөз алатын ғалым тек Қаныш Сәтбаев болатын, қалғандарымыз үнсіз отыратынбыз» деген естелігі берілген [5]. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бір сырлы, сан қырлы азамат-ғалым болғанын осы аталған және әлеуметтік, саяси, экономикалық, ғылым салаларындағы басқа да еңбектері айқындай түседі.

«Жайсаң жандар» кітабының «Өнегелі өмір» атты тарауында академиктің өзі куә болған 1943 жылы қыс айында Алматы қаласына уақытша көшіп келген «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудияларының қызметкерлері, өнер қайраткерлері мен Қазақстан жазушы-әдебиетшілерінің біріккен мәжілісінде сөйлеген сөзін еске алады. Автор онда Қ. Сәтбаев Қазақстан жайлы, Қарсақбай, Жезқазған, Қоңырат, Қарағанды, Шымкент қорғасын зауыты, Ақтөбе химия комбинаты, қазақтың көп ғасырлық фольклоры мен көп жанрлы әдебиеті, шетел фольклоры, қазақ кеңес әдебиеті, қазақ жазушылары, қазақ әдебиетінің болашағы жайлы бағалы пікірлерін айта келе, Мәскеу, Ленинград кино шеберлерін Қазақстан жазушылары мен кино қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс істеуге, жаңа сценарийлер жазып, заманға сай фильмдер түсіруге шақырған ой-пікірлерін тарқатып айтады [6].

1944 жылдан Қазақстанда Ғылым академиясын құру туралы ойластырады. 1944 жылдан 1946 жылдар аралығында 11 жаңа ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Сонымен қатар, болашақ академияның бас ғимаратының жобасы жасалған. Қ. И. Сәтбаевтың арқасында Қазақстан геологиясы өндірістік және іс жүзінде ғана қолданылатын ғылым өлшемі шеңберінен шығып, адамзаттың ой әлемін қозғайтын биік дәрежеге жетті. Мем-лекет және қоғам қайраткері, Қазақстан ғылымын әлемдік деңгейге көтеруге зор үлес қосқан ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының алғашқы президенті, Ленин атындағы және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі мен қызметі ұлт мақтанышы және ұрпақты адастырмайтын темірқазықтай жарқыраған үлгі.

Ғалым өзінің саналы ғұмырын елінің игілігіне қызмет жасауға арнады. Қылышынан қаны тамып тұрған жүйеде ел аузында сақталған рухани мұрамызды түгендеп, зерттеу арқылы ұлттық мәдениеттің қоржынын толтырды. Томск технологиялық институтында оқыған кезінде-ақ халық ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинап, Қарсақбай, Ұлытау өңірлеріне ең алғаш рет келген жылдары тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулерін одан әрі жалғастырды.

Халқының ауыз әдебиетіне деген құштарлығы мен махаббаты ерте қалыптасқан Қаныш қазақ жерінің қай түкпірінде жүрсе де, ел ішіндегі ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алумен айналысқан. Олардың

арасында әндер де, жырлар да, аңыз әңгімелермен батырлық дастандар да жетіп артылады. Табиғат сан қырлы талант пен терең білімді, зерде мен парасатты түгел бере салған дара дарын иесі өз халқының інжу-маржанын жоғалтпай мұқият жинап, оларды кітап етіп бастырып, зерттеу жүргізу қажеттілігін терең түсінді.

Қанышты батырлар жырының ішінде қатты қызықтырғаны «Ер Едіге» дастаны болатын. Себебі дастан ең көне жырлардың бірі. Халықта «Ердің басы Едіге» деген сөз бар. Сол бір ауыз сөздің өзі Едіге батырдың тарихтағы орнының қаншалықты ерекше болғанын көрсетеді. Сонымен бірге бір дастанның бірнеше вариантының болуы, оның тек қазақ халқы ғана емес, жалпы түркі халқына ортақ қаһарман болғанын көрсетеді [7]. Бүкіл әдебиетші қауымға мәлім 1927 жылы Қ. И. Сәтбаев Мәскеу қаласында «Ер Едіге» жырының бір нұсқасын бастырып, оған алғы сөз жазған болатын. Бір нұсқасына дейтін себебіміз «Ер Едіге» жырының түрлі нұсқалары қазаққа жақын басқа түркіхалықтарында да сақталған. Сонымен қатар қазақ халқының өзінде әр аймақта әртүрлі

жыршылар жырлаған түрлі нұсқалары кездеседі.

«Ер Едігені» зерттеу барысында пайымдағанымыз сол ғасырларда Едіге туралы жыр қазақ арасында кең тараған және жиын-тойларда жиі жырланатын, елдің сүйіп тындайтын жыры болғанын аңғарамыз. «Қазақта ердің басы да Едіге, соңы да Едіге» деген сөз қалған. Яғни Едіге халық жадында тек қана жүрек жұтқан батырлығымен ғана емес, қарақылды қақ жарған әділдігімен, от ауыз орақ тілді шешендігімен, ел басқарған көреген көсемдігімен, төрелігін тура табатын билігімен сақталған тұлға. Аттың жалы, түйенің қомында жүріп үздіксіз жаугершіліктен жапа шеккен халық жырауларының қиялынан туған аңыз кейіпкері ғана емес, тарихта Тоқтамыс хан мен Әмір Темір тұсында өмір сүрген белгілі тұлғалардың бірі. Едіге Алтын Орда дәуірінде хан-сұлтандарға ықпалды кеменгер кеңесші ғана болып қойған жоқ, олардың сыртқы жауларға қарсы жорығын ұйымдастырып, қол бастаған қолбасшысы болған бас сардар да. Мұнымен қоса хан алдында тек иіліп-бүгіліп бас шұлғи бермей, кезі келгенде хан адасып, астамсыған тұста бетке айтып, мысын басқан Тоқтамыстай ханды қашырып Темірланды састыра білген ержүрек бірбеткей қайсарлығымен де ерекшеленеді.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі Қ. Сәтбаевтың осы «Ер Едіге» дастанын бастырып шығарып, оған алғысөз жазуы, ұлттық фольклордағы құнды да, құнарлы дүниелердің бірі саналып отыр [8].

Әлбетте, кісілік келбеті айқындалған тұлға ұлт алдындағы жауапкершілігін түсініп, өзінің білімі мен біліктілігін елінің игілігіне, халқының мүддесіне пайдалануға тырысады. Ал Қ.Сәтбаев дәл сондай тұлға болды. Бірегей тұлғаның халқының алдындағы үлкен еңбегі, «Ер Едігені» өңдеп, 1927 жылы Мәскеуде жеке кітап ретінде баспадан

шығаруы еді. Кітапқа жазған алғы сөзінде, эпостың шығу төркіні, жанрлық ерекшеліктеріне қатысты ғылыми талдау жасайды. 50-жылдары академик қызметінен шеттетілгенде, осы

«Ер Едіге» эпосын бастырып шығарғаны және де Қазақ КСР ғылым Академиясын теріс элементті кадрлармен толықтырғаны үшін айыпталды.

Қаныш Сәтбаев кен барлау ісінің шебері ғана емес, ұлы дала тарихының білгірі, жинастырушысы болды. Жезқазған өңіріндегі Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелеріне жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының қасында болды. Тарих пен әдебиетке қатысты мәліметтерді жинастырып, қағазға түсірді. Сөйтіп, қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылатын мәдени құндылықтарымызды түгендеді. Алаш зиялыларының рухани өсиеттерін негізге алып, олардың ісін жалғастырып, халықтың ұлттық рухын көтеріп, тарихи санасын қалыптастыру жолында аянбай еңбек жасады. Қазақ ғылымының негізін салып, нағыз зиялылықтың үлгісіне айналды. Ұлт пен ұрпақ алдындағы азаматтық парызын абыроймен атқарды. Кеңестік дәуірде Сәтбаев сынды ерекше тұлғаның шығуы – феномен болды. Сәтбаев тағылымы – ұлт игілігіне қызмет жасау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қаныш энциклопедиясы, – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
- 2 Материалы к отчету ЦИК КазАССР на III сессии ВЦИК 13-ого созыва. – Кызыл-Орда, 1928. – С.140.
- 3 Сәтбаева Ш. Қ. Сәулелі әулет. – Алматы: «Қазақстан», 1996.
- 4 Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия / Бас редакторы Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
- 5 Сәрсекке М. Дара дарын. Роман-эссе. – Астана: Фолиант, 2008. – С. 218.
- 6 Сәтбаев Қ. 1 томдық / құраст. К. Ә. Ақышев, Т. М. Әлжанов. – Шымкент: «Оңтүстікполиграфия», 2007. – 384 б.
- 7 Сәрсекке М. Шығармалары. 4-т. Қазақтың Қанышы. – Астана: «Фолиант», 2015. –640 б.
- 8 Sergienko E. A. (2013). The problem of relationship between subject and personality.
 - a. Psychological Journal, Volume 34, No.2, 5-16

Ғылыми жекткшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Абишева Ж. Р.